



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 25 ақпандағы
№ ДС-77

Құрметті депутаттар!

Агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту жөніндегі ұлттық жобаға қатысты жария етілген ұсыныстарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мемлекеттік қолдау шараларының және саланы дамыту векторларының тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысты

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары бекітілді, онда саланың орта мерзімді перспективаға арналған даму векторлары айқындалған.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) АӨК-ті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны (бұдан әрі – ұлттық жоба) әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде, ол АӨК-тің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Осы міндеттерді іске асыру үшін қолжетімді қаржыландыру, жер қатынастары, аграрлық ғылымды дамыту, саланы цифрландыру, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ шикізаттың ғана емес, өңдеу өнімдерінің де экспорттық әлеуетін дамыту мәселелері пысықталатын болады.

Ұлттық жобаның негізгі мақсаттары:

- 1) ішкі нарықты әлеуметтік маңызы бар азық-түліктермен молықтыру;
- 2) 1 млн ауыл тұрғынының табысын тұрақты жоғарылату;
- 3) еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыру;

4) АӨК өңделген өнімінің экспортын 2 есеге ұлғайту.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бірқатар мәселелер, оның ішінде АӨК-ті мемлекеттік қолдаудың тиімділігі шешілетін болады.

Бұл үшін өткен жылы Министрлік белгілі бір салаға баса назар аударылмай, бірыңғай тәсіл көзделетін субсидиялау тетіктерін қайта қарады. Сондай-ақ шағын және орта фермерлерді субсидиялауға қол жеткізу шектері өзгертілді.

Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың басты қағидаты оның тұрақтылығы мен сабақтастығы болады. Бұл шаруаларға ұзақ мерзімді перспективада өз қызметін болжауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру үшін 2021 жылдан бастап бизнес үшін қарсы міндеттемелер кезең-кезеңімен енгізіледі.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – МЖЖ) құжаттарын іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың жобалық басқаруды қолдануын үйлестіруді жобалық офис жүзеге асырады.

Ұлттық жоба аясында мемлекеттік саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігі қарастырылады.

Байланысты мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеуге қатысты

МЖЖ қағидаттарының бірі ішкі теңгерімділік, яғни даму мақсаттары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері бойынша МЖЖ құжаттарының өзара келісілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған орай, ұлттық жоба әзірленген кезде мүдделі мемлекеттік органдармен келісілетін болады. Мысалы экономикалық негізділігі тұрғысынан мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен, қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуі тұрғысынан бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясына және Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі.

Ұлттық жобаның келісілген жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізіледі.

Ұлттық жоба Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің қарауына шығаралып мақұлдағаннан кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Мемлекеттік саясаттың тұрақтылығына қатысты

АӨК-ті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) түйінді басымдықтары мен бағдарлары бар ел дамуының ұзақ мерзімді пайымын айқындайтын жүйелі реформалар мен құжаттардың міндеттерін (*Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 10 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы*) іске асыру үшін әзірленді.

Бұл факт Мемлекеттік бағдарлама іске асырылатын бүкіл кезең ішінде саланың даму векторларының өзгермейтінін көрсетеді.

Субсидиялау саясатындағы өзгерістерге келетін болсақ, Министрлік тұрақты негізде мемлекеттік қолдауды жетілдіру, оның ішінде тиімділікті, қолжетімділікті арттыру, қамтуды ұлғайту және тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды көздейтін жұмыс жүргізуде.

Субсидияларды өзгерту қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүргізілді.

Қағидаларға жоспардан тыс өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келетін болсақ, олар Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Жоғары тұрған органдардың тапсырмаларына, сондай-ақ тексеруші органдардың ескертулеріне немесе «Атамекен» ҚР ҰКП ұсыныстарына сәйкес енгізіледі. Бұл ретте Қағидалардың жобалары мүдделі мемлекеттік органдармен, ұйымдармен келісіледі және тиісті сараптамалық және қоғамдық кеңестердің қарауына шығарылады.

Салалық одақтар мен қауымдастықтарды тартуға қатысты

Өздеріңізге белгілі, ұлттық жобаны әзірлеуге ҚР-дағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының Байланыс және әріптестік бюросының (бұдан әрі – ФАО) беделді халықаралық ұйымы тартылды.

Министрлік ФАО сарапшыларымен бірлесіп, салалық қауымдастықтар мен одақтардың, ауыл шаруашылығы бизнесі мен ғылымның барлық ұсыныстарын жинады және талдады.

Бұдан басқа, әрбір бағыт бойынша жұмыс топтары құрылды, олардың құрамына бизнес пен ғылым өкілдері де кірді («суармалы егіншілік», «қарқынды сүтті мал шаруашылығы», «АӨК өнімдерін өңдеу», «ветеринариялық қауіпсіздік» және т.б.).

Осыған қоса ағымдағы жылдың ақпан айында «Атамекен» ҚР ҰКП АӨК және тамақ өнеркәсібі комитеттерінің бірлескен отырысында 350-ден астам АШТӨ қатысты, салалық қауымдастықтар мен одақтардың өкілдері ұлттық жобаның жалпы тәсілдерімен таныстырылды.

Сонымен қатар, Министрлік өкілдері «АӨК қауымдастығы альянсының» өкілдерімен бірнеше рет кездесті және олардың ұсыныстары жұмыс топтарының отырыстары аясында қаралды.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше бақылауында.

А. Мамин